



ҚАЗАҚ

АНДЫМЕТІ

## ҚАЛАМЫ ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЛАМГЕР ЕДИ

Қазақтың көрнекті лирик ақындарының бірі, жыр жампозы, Бақайдың баурайынан өрбіген, талантты күн нұры мен тау өзендерінің тамшысынан құралған Рахымжан Тілеуімбетұлы Өтегенов тірі болса 2024 жылғы 10 қаңтарда 75 жасқа толар еді. Алла Тағала оған ұзақ жасты нәсіп етпепті. Ол небәрі 44 жасында дүние салды. Мерейтойлық датасына байланысты ақынның селт еткізер сезім сәттерін аспандатқан шырайлы шығармашылығын арқау етіп арнайы мақала жазғанды жөн көрдік. Рахымжан Тілеуімбетұлы 1949 жылы 10-қаңтарда Қытай Халық Республикасының аумағында дүниеге келді. Тағдыр тәлкегімен өткен ғасырдың отызынши жылдары құғын-сүргін салдарынан шетел асуға мәжбур болған ата-анаы араға отыз жылдай уақыт салып атамекенге қайтып оралғанда, үрпақ қамын, үрпақ келешегін бірінші орынға қойған еді. Рахымжан әкесі Тілеуімбет пен анасы Өмисаның сондай алақанында өсті.



Кішкентайынан арман құмар болды, үнемі бала қиялышында жетегінде жүретін.

Алтыншы сыныпқа көшкен жылы жазда түсінде ақын Жұмағали Сайн оған «өлең жаз» деп блокнот сыйлайды. Кітапханадан кітаптарын алып, өлеңдерін оқығаны болмаса өңінде көрген адамы емес. Кейін білгенінде ақын Жұмағали бұл түс көрерден бір-екі ай ілкіде соғыста алған жарасынан қайтыс болып кеткен екен. Бұл 1961 жылдың жазы болатын. Осы түстен кейін ол шынымен де өлең жаза бастады.

*Бала кезім,*

*Бір өзгеше түс көрдім,*

*Елжіреймін*

*еске қайта түскен күн.*

*Сол-ақ екен өлең жаза бастадым,*

*Өлең жазып*

*туды дейсің іштен кім?*

*Өлең десе,*

*Қалай тыныш жатамыз.*

*«Жыр жазасың,*

*Мынау берген батамыз»*

*Деді дағы тілдей қағаз ұсынды,*

*Қасыма кеп Жұмағали атамыз.*

Сол бір шақты Рахымжан осылай деп жырлады. Майдангер, даңқты партизан, ақын Жұмағали Сайнның аруағы жебеді ме шабыт толқыны аспандап, «арқасы ұстап» шумақтарды төгілдіртіп тастайтын. Оңаша қалып, блокнотымен сырласқанды тәуір көретін. Таланттын жетілдіріп, өмірінің соңына дейін жыр шумақтарын төгілтүмен болды.

Рахымжан екеуміздің өміріміз бала кезден қатар өріліп жатты. Біздің Малыбай ауылындағы мектептің қазақ сыныптары оқушы балалар санының аздығынан жетінші сыныптан соң жабылып, амал жоқ аудан орталығы Шелек селосындағы Киров атындағы орта мектепте оқуға мәжбүр болды. Келесі 1964 жылы оқуды жаңадан салынған Абай атындағы мектепте жалғастырылған. Мектеп жанында интернат бар. Қаратұрықтағы сегізжылдық мектеп-интернатынан келген Рахымжан екеуміз бір сыныпта оқып, бір бөлмеде тоқайластық. Тоғызыншы сыныптың өзі тоғыз екен. Біздің сынып 9 «Ж» аталды. Мектепті қатар бітірдік. Соңғы партада шұқшилып, бірдеме жазып отыратын. Сөйтсек жетінші, сегізінші сыныптан өлең жазады екен. Ақындық шабыт еріксіз қолына қалам алдыртатын сияқты.

Мен оқыған кітаптарымның әсерімен төртінші сыныптан жазушы болуды армандастынмын. Естіген балалар құлкі етеді деп, арманымды жария етуден қашқақтаушы ем. Бірақ қабырға газетінде, аудандық «Еңбек туы» газетінде менің мақалаларым мен Рахымжанның өлеңдері алма-кезек жарияланып жататын. Екеуміздің момындық, ұяңдық мінездеріміз үқсас болатын. Сонда да шығармашылық туралы пікірлескен тұстарымызда өз көзқарастарымызды табандылықпен қорғайтынбыз. Ұмытпасам, біз тоғызыншы сыныпқа барған жылы күзде Қадыр Мырзалиевтің «Ой орманы» дейтін шағын жинағы қолымызға тиді. Ондағы:

*Махаббаттың тұңғыш жыры –  
тіл қатпау,*

*Тіл қата алмай*

*қыз соңында бұлғақтау;*

*Келесі жыр – сіңіп қалған иіс су*

Қос бұрымды сипай беру, сүйісу, – деген сияқты жыр жолдарын Рахымжан үнемі жатқа айтып отыратын. Оның ақындық шығармашылығындағы лирикалық бағыт, ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыптары сол кезден қаланса керек. Өзінің ақындық жүрек-сезімін:

*Кеудемде менің бір бұлбұл,*

*Үнемі сайрап тұрады.*

*Өзгеше бұлбұл құрбым – бұл,*

*Өзгеше және жыр-әні, –*

деп ақтарылатыны да сол кез болатын. Мінезі жібектей жұмсақ, ар жағы арамдықтан аулак, ақкөніл жан еді. Жүгіріп қырға шығып бала болатын, тырмысып шыңға шығып дана болатын. Әзілқұмарлығы тағы бар.

Біздің бала кезден басталған достығымыз өмірдің үлкен жолында ары

қарай жалғасты. Екеуміз Алматы облыстық «Жетісу» газетінде оншақты жыл қатар қызмет еттік. Рахымжан кейін «Қазақстан пионері» («Ұлан»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, Қазақ радиосында шығармашылығын жалғастырды.

«Поэты рано расплачиваются за свои скромные судьбы, а награждаются потом, потом» деп орыс ақыны Григорий Поженян айтпақшы, Рахымжан да қарапайым тағдырын қамышылап баққанымен атақ, абыройға ұмтылмады. Өзінің жыр жүлдзызы түбінде бір жанатынына сенді. Тағдырын жырмен байланыстырды. Кейбір жыр жолдары өзі туралы айтып түрған сияқты көрінеді. Кейде ғұмырының қысқа болатынын сезгендей тебіреніп кетеді. Мысалы:

*Қысқа ғұмыр – үлкен жыр,*

*ұзақ арман,*

*Жанды жылдытып*

*елесің жүр ағарған...*

*Кейбіреуден еншіңді кеш алсаң да,*

*Кеш қалмасың бәрі бір*

*сыбағаңнан! –*

*десе, енді бірде:*

*Болсыншы аман сол сенім,*

*Қазірше мейлі қалайын.*

*Жырларым айтып өлшемін,*

*Озармын, басып талайын, –*

*деп толғанады.*

Рахымжанның ақындық тағдырына айырықша әсер еткен көрнекті ақын – Тұманбай Молдағалиев. Оның пікірі, айтқан сөзі біз үшін заң сияқты қабылданатын. Әсіресе Рахымжан оны өзіне ақындық ұстаз санады. Бізде оны солай қабылдадық. Рахымжанның көп өлеңдері Тұмағаңның өлеңдерімен үндес шығып жататын.

Тұмағаң бізді өзінің туған інілеріндей көретін. Мектепте бірге оқыған Рахымжан, мен және Мәлік деген досымыз бар, үшеуміз үйіне жиі баратынбыз. Бармайын десек үнемі түлкіқұрсақпыз. Сабаудай үш жігіт кіріп келгенде, Құлтай тәтеміз ешқашан қабақ шытып көрген емес.

Үнемі дастарханын жайып, барын алдымызға тосатын. Алматының қазіргі Абылай хан көшесі мен Жамбыл көшелерінің қызылысында кезінде жапон тұтқындары салған екі қабатты түрғын үйлер тұратын. Тұмағаңның пәтері сондай үйлердің бірінде екінші қабатта жайғасқан. Ол үйдегі Құлтай жеңешеміздің шешесі, Тұмағаңның енесі, кезінде Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған Насиха апамыз да бізді өз балаларында жақсы көретін. Мұндай кеңдікті қазір көрмейсің-ау көрмейсің.

Тұмағаң бірде ерте тұрып қараса, балконда айқыш-үйқыш үйықтап жатқан бізді көріпті. Көріпті де қолына қаламын алғып, «Уш досқа» деген өлең жазыпты. Таңертең шай ішіп отырғанымызда сол өлеңді оқып

берді. Бұл өлеңді біз жаттап алдық. Соңғы шумақтары былай болып келетін:

*Жұп жазбайтын үшеуіңді көргенде*

*Бір мұңлық құс оянады кеудемде.*

*Біз ұқсатып сендерді де бөледі-ау,*  
*Жеке тұндік жеке төрін бергенде.*

*Оған дейін жұптарыңды*

*бөлмендер,*

*Әмір атты баспалдақпен*

*өрлеңдер.*

*Бірің көкте, бірің жерде*

*қалсаңдар,*

*Өтінемін, бір-біріңнен көрмендер.*

Қазақтың мүйізі қарағайдай көрнекті ақынының үшеумізге өлең арнауы бізді ғажап қанаттандырды. Жүргегімізге ізгілік нұрын сеуіп мақтаныш сезімін оятты. Рахымжан түрлі «вешірлерде», жастардың кездесулерінде жиі жатқа оқитын. Сол өлең біздің өмірлік кредомызға айналды.

Рахымжан үлкен ақындарға еліктей жүріп, үйрене жүріп, өлең өлкесінен өз жолын табуға тырысты. Шумақтары да шып -шымыр, тосын ой түйіндерімен таңғалдыратын болды. Сөйтіп жүріп, Жұматай Жақыпбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Дәуітәлі Стамбеков, Тынышбай Рахимов сияқты ақындар шоғырынан өз орнын тапты. Өлеңге тек дәстүрлік түрғыдан келе бермей оған өзіндік қолтаңбасын қалдыруға үмтүлды.

Қараңызышы:

*«Әжемнің бара жатты*

*қытай қиген*

*Кебісі қар суында қайық болып»,*

*«Кісінегені – жылағаны шығар-ау,*

*Өз енесін ізден сыртта*

*құлын жүр»,*

*«Асқақтап биік барады ән,*

*Көтеріп көкке өркеш-қыр.*

*Тұяғы аттың – барабан,*

*Құстардың үні – оркестр.*

Қандай жылды да жарасымды образдар. Рахымжанның өзіндік алтын қазынаға айналған жырларынан осындағы ойлы орамдар, тосын теңеулер жиі ұшырасады. Поэзия ең алдымен шымыр ұйқас, көркем тіл, ойлы образмен ерекшеленетін болса Рахымжанда осының бәрі бар. Ол шығармашылығында интонациялық, инверсиялық әдістерді де жиі қолданады. Мына шумаққа қарайықшы:

*Әлдилеші, жсанымды, дос, әніңмен,*

*Қанаттанып кетейін әсеріңмен.*

*Айта бергін, басқасын,*

*Өтінемін!*

*Ана жайлы ән салма масаң үнмен!*

Инверсияда екпіндік ерекшелікпен қоса моральдық талап та тұрғой. «Ана жайлы ән салма масаң үнмен!». Бұл жалғыз тіркесте бүкіл адамзатқа ескерту тұр емес пе?! Рахымжанның бүкіл ақындық өлшемі осындай адамгершілік ұстанымдарға негізделген.

...1976 жылғы наурыз айының соңы. Рахымжан екеуміз Кеңсайда Мұқағали Мақатаевтың жерлеу рәсіміне қатысып, топырақ салып қайтқан бетіміз. Редакциялар үйінің жанында жылап тұрмыз. Иә, кәдімгідей еңкілден жылап тұрмыз. Осының алдында ғана Жазушылар одағында Мұқағалидың сүйегін шығарып бара жатқанда анасы Нағиман әпкеміздің жоқтаған дауысы құлағымызда әлі де жаңғырып тұрған. «Мұқағалиға адал болайықшы!» деді Рахымжан көзін орамалымен сұртіп жатып. «Иә, Мұқанды ешқашан ұмытпаймыз!» дедім мен де оны құшақтап. Мұқаңның қазасынан кейін біздің өмірге құштарлығымыз еселене түсken тәрізді. Өз басым Рахаңның «Мұқағалиға адал болайықшы!» деген пейілін «поэзияға адал болайықшы» деп түсіндім. Рахымжан соңғы деміне дейін шынымен де поэзияға адалдығын сақтады.

Рахымжан кейде философиялық тұжырымдарға да бой ұрып жатады. Әдетте біз бақыт туралы көп айтамыз. Оны басымызға қонатын әлдебір құс сияқты елестетеміз. Рахаң болса оған өзіндік өң береді, өзіндік тұр береді, өзіндік тұжырым жасайды. Әрі бұл тұжырыммен ешкім дауласа алмайды.

*Бақыт деген біздерге  
бұйырған ба?*

*«Бақыттымыз» дейміз-ау жиылғанда.*

*Бақыт деген шөл үшін  
тамиши су ма,*

*Бақыт деген аш үшін түйір  
нан ба!*

*Оңайлықпен ол бізге білінбейді,*

*Сезінбесең*

*Қолыңа ілінбейді.*

*Сол бақытты қөздерден*

*аңғаралың*

*Бақытты жсан әрқашан  
кулімдейді.*

Ақынның ақиқатына күмәнсіз сенесің. Оны қолдайсың, құрметтейсің.

Бақыт пен махаббат – қатар жүретін ұғымдар. Рахаңның

шығармашылығында махаббат лирикасы басым орында.

*Жүректің жсі соғып*

*Маздағаны-ай,*

*Жырым да көп екен ғой*

*жазбаған-ай.*

*Дөңдегі көрінеді жалғыз ағаш,*

*Қызы жолын тосып тұрған*

*бозбаладай, –*

дегеніне қараңызшы. Қандай керемет образ. Көз алдыңа шынымен де ғашығын күтіп тұрған бозбала елестейді. Енді мына шумаққа қарайықшы:

*Күлкің қандай сүйкімді,*

*Күлкің қандай,*

*Әсерімен жүрегім бұлқынғандай.*

*Қыын болды-ау қоштасу дүниеде*

*Көңілімнің парағы*

*жыртылғандай.*

Сөзбен салынған шынайы сурет. Оның ақындық қолтаңбасы осы жерден айқын көрініп тұр. Бір шумақ, үш сөзден тұратын тіркес. Шынайы сәт сендіреді. Өзің де ұқсас күй кешесің.

Рахымжан туған жер, отаншылдық тақырыптарға да жиі қалам тербейтін. Қыр жолын қалай суреттейді десеңізші:

*Ерігіп, ұшқан құспен жарысады,*

*Далақтан, оны көрсө шаң ұшады.*

*Ақындар сөзін жазып ұлгермеген,*

*Жол деген – кең даланың*

*танаис әні.*

Автордың отаншылдық тақырыптағы өлеңдері көбіне әскер өміріне, Отан қорғауға, патриотизмге бағытталып жатты. Семей полигонына, Ертіс ормандарына, Жетісудың табиғатына арнаған өлеңдері отаншылдықпен қоса өріліп тұратын. Табиғат лирикасы да тың бояуларымен ерекшеленеді. Тек оқып қана емес, естіп те отырасың.

Ән тыңдадым құрақтан:

*Сыбыр-сыбыр,*

*Ән тыңдадым бұлақтан:*

*Сылдыр-сылдыр.*

*Ару күлкі жаныма нұр құяды,*

*Аспанымнан естіліп:*

*Сыңғыр-сыңғыр.*

Бұл Рахымжанның ақындық болмысындағы өзіндік биігін көрсетеді.

Рахымжан жай әуесқой ақын емес, шынайы талантты ақын болды. Қазақ поэзиясына өзіндік үлесін қосты. XX ғасырдың соңғы ширегінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Ақындық өмірінің сәтті тұстарына асқақтамады, сүрінген сәттеріне налымады. Өмір атты миссиясында адам деген ардақты атты жоғары ұстады.

*Дала жырын толқимын*

*тыңдан тұрып,*

*Жыр жазумен жүремін*

*құн батырып.*

*Мен әйтегір өлеңмен болса-дағы  
Жасамақпышын халқыма  
бір жақсылық!*

Ол осылай тебіренуші еді. Алдына осындай мақсаттар қоюшы еді.  
Шығармашылық өмірі осының бәрін ақтап шықты. Талантты ақын  
Рахымжан Өтегенов халқына ойлы орамдармен өрілген шапағатты  
шумақтарға толы осындай қымбат жыр қазынасын сыйласп кетті.  
Сондықтан да оның есімі жыр сүйер қауымның жадынан өшпейді.

**Марат ТОҚАШБАЕВ,  
жазушы-публицист,  
Қазақстан**

**Педагогикалық Ғылым Академиясының академигі,  
профессор**